



Құтырма жөнінде не білу керек

Құтырма (судан қорқу, гидрофобия) – оқиғалардың 100%-да өліммен аяқталатын зоонозды сипаттағы күрделі өтетін вирустық ауру.

Жыл сайын республика көлемінде адамдардың құтырма ауруына шалдығу оқиғалары бірлі - жарым тіркеледі.

Құтырмамен барлық жылықанды жануарлар, тіпті құстар да ауырады.

Адам ауру жануарлар, көбінесе иттер мен мысықтар тістеп немесе тырнап алғанда ауру жұқтырып алуы мүмкін, себебі олардың сілекейінде осы аурудың қоздырғышы – құтыру вирусы кездеседі. Иесіз иттер, мысықтар, жабайы жануарлар (түлкілер, қасқырлар, егеуқұйрықтар, жарқанаттар) ерекше қауіптілік тудырады.

Жарақатқа түскен вирустар жұлынға, миға енеді және сол жерде көбейеді. Вирустың организмге ену сәтінен бастап, аурудың басталуына дейінгі уақыт 3 тәуліктен және бір жылдан аса уақытқа дейін жалғасады.

Жануарларда байқалатын құтырма белгілері: сілекейдің ағуы, құтырған күйде болуы, кейде керісінше тыныш, сенгіш болуы, шақырғанда тез келуі.

Жануар тістеп, тырнап, сілекей жағып алғанда не істеу керек? Бірінші кезекте жарақат жерін сабынды сумен мол жуу керек және медициналық көмек үшін хирургке көріну қажет, тістеп алған жануардың иесінің аты-жөнін, мекен жайын біліп алу керек, бірақ ешқандай жағдайда жануар өлтірілмейді, себебі құтырма ауруын жоққа шығару үшін, жануар 10 күн ішінде ветеринарлық дәрігердің бақылауында болуы қажет. Егерде қаңғыбас жануардан жарақат алса, онда жарақаттанушы міндетті түрде антирабиялық екпе курсына толық көлемде алуы қажет.

Зардап шегушіге дер кезінде екпе салу құтырманың алдын алудың жалғыз құралы болып табылады. Егер де құтырған жануар тістеп алған зардап шегушіге дер кезінде құтырмаға қарсы көмек көрсетілмесе, оны құтқару кеш болады. Құтырма ауруы үнемі өліммен аяқталады.

Жануарлардың арасындағы алдын алу шаралары құтырмаға қарсы алдын алу екпесін жасау болып табылады.

ОСТОРОЖНО!



БЕШЕНСТВО!

Что нужно знать о бешенстве

Бешенство (водобоязнь, гидрофобия) – тяжело протекающее вирусное заболевание зоонозного характера, заканчивающееся в 100% случаев смертельным исходом.

Ежегодно на территории республики регистрируются единичные случаи заболевания людей бешенством.

Бешенством болеют все теплокровные животные, и даже птицы.

Человек может заразиться при укусе или нанесении царапин больными животными, чаще всего собаками и кошками, так как в их слюне содержится возбудитель этого заболевания – вирус бешенства. Особую опасность представляют бродячие бездомные собаки, кошки, дикие животные (лисы, волки, крысы, летучие мыши).

Вирусы из раны проникают в спинной, головной мозг и там размножаются. Время с момента проникновения вируса в организм и до начала заболевания может продолжаться от 3 суток и более года.

Признаки бешенства у животных: слюнотечение, буйное состояние, иногда наоборот животное спокойное, доверчивое, легко идет на руки.

Что же делать, если животным нанесен укус, оцарапывание, ослюнение? В первую очередь промыть место укуса обильно водой с мылом и обратиться за медицинской помощью к хирургу, узнать Ф.И.О., адрес хозяина укусившего животного, при этом ни в коем случае нельзя убивать животное, так как оно должно в течение 10 дней наблюдаться ветеринарным врачом, для исключения бешенства. Если получен укус от бродячих животных, то пострадавшим обязательно надо получить полный курс антирабических прививок.

Своевременная вакцинация пострадавшего является единственным средством предупреждения бешенства. Если пострадавшему от укуса бешеным животным не оказана своевременная антирабическая помощь, то ему помочь уже нельзя. Бешенство всегда оканчивается смертельным исходом.

Профилактическими мероприятиями среди животных являются профилактические прививки против бешенства.